

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020*  
**ISSN 2710-3994**



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*  
*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*  
*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*  
*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*  
*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*  
*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*  
*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*  
*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*  
*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*  
*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*  
*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*  
*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*  
*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*  
*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*  
*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*  
*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*  
*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*  
*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*  
*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ИСПИДЖАБ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР

Қайыркен Т.З.<sup>1</sup>, Ильясова З.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Т.ғ.д., профессор. Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ. Қазақстан, Нұр-Сұлтан. E-mail:kairkentz@mail.ru

<sup>2</sup>Т.ғ.к., қау. профессор. Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ. Қазақстан, Нұр-Сұлтан. E-mail:kairkentz@mail.ru

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада VII ғасырдағы және одан кейінгі кездердегі Сюань Цзанның «Да Тан Сиюйцзи», Дао Суанның «Шицзя фанчжи», Оу Янсюдің «Жаңа Тан кітабы. Батыс өңір баяны», Ибн Хордадбехтің «Китаб әл-масалик уа-л-мамалик», Кудама ибн Жафардың «Китаб әл-хараж» және «Худуд әл-‘алам» және Йақұл әл-Хамауидің «Му‘жам әл-булдан» қатарлы қытай және мұсылман авторларының деректері негізінде ерте және ортағасырлардағы Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі, әсіресе, Испиджаб және оның төңірегіндегі қалалар мен олардың орны, тарихы, арақашықтығы зерттелген.

**Түйін сөздер:** Оңтүстік Қазақстан, ортағасырлық қалалар, араб географтары, саяхатшылар, жазбаша деректер

## ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ

Қайыркен Т.З.<sup>1</sup>, Ильясова З.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Доктор исторических наук, профессор. ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.Казахстан, Нур-Султан. E-mail:kairkentz@mail.ru

<sup>2</sup>Кандидат исторических наук, ассоц. профессор. ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. Казахстан, Нур-Султан

**Аннотация.** *Введение.* В данной статье рассматривается история ранних и средневековых городов Южного Казахстана, в частности г. Испиджаб и близлежащие к нему городов, также место их расположения, расстояние между ними на основании китайских и мусульманских письменных источниках как Сюань Цзана «Да Тан Сиюйцзи», Дао Суана «Шицзяфанчжи», ОуЯнсю «Син Таншу Сиюйцзи», Ибн Хордадбега «Китаб ал-масаликуа-л-мамалик», Кудамаибн Жафара «Китаб ал-хараж», «Худуд ал-‘алам», «Му‘жам ал-булдан» Йакута ал-Хамави и др.

**Ключевые слова:** Южный Казахстан, письменные источники, средневековые города, арабские географы, путешественники.

## ISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES

Kaiyrken T.Z.<sup>1</sup>, Ilyassova Z.S.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, Professor. L.N. Gumilyov Eurasian National University.Kazakhstan,Nur-Sultan.

E-mail:kairkentz@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Historical Sciences, Associate Professor. L.N. Gumilyov Eurasian National University.Kazakhstan, Nur-Sultan.

**Abstract. Introduction.** In this article, based on the works of Xuan Zang "Da Tang Xiyuji", Tao Xuan "Shijia Fanzhi", Ou Yangxiu "New book of Tang Xiyuji", Ibn Khordadbeq "Kitab al-masalik wa-l-mamalik", Kudam Ibn Jafar "Kitab al-haraj", "khudud al-'alam", Yaqut al-Hamavi's «Mu'jam al-buldan» and other Chinese and Muslim written sources the early and medieval towns of southern Kazakhstan are studied, in particular Isfijab and nearby towns, their location, history and distance between them.

**Keywords:** South Kazakhstan, written sources, medieval towns, Arabic geographers and explorers.

### Кіріспе

Орта Азия ежелден өзінің табиғи қалпында адамзаттың өркениет ошақтарының бірі болып келді. Бұған оның әлемдегі түрлі өркениеттердің тоғысқан тұсына жайғасуы, қолайлы табиғи-жағырапиялық шарт-жағдайы әсер етті. Орта Азия, әсіресе оның оңтүстік бөлігіндегі ірі өзендердің (Әму, Сыр дариялары, Тарым бассейні) бойы, климаты қолайлы өңірлер ежелден диханшылықпен және малшаруашылығымен шұғылдануға өте қолайлы болып келді. Сол себепті, сонау ерте заманнан бастап бұл өңірлерде түрлі қалалар пайда болды. Қалалардың пайда болуымен қолөнеркәсібі және сауда-саттық істері өркендеді. Ақша айналымы жарыққа шықты. Мұның бәрі Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың дамуына оңды ықпал етті. Сол себепті әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолының бойында ортаазиялық ежелгі Шаш, Сауран, Испиджаб, Яссы, Тараз, Баласағұн секілді қалалар өз рөлдерін сәулелендірді. Өкінішке орай, бұл қалалар туралы Араб және Қытай деректерінде соншама көп жазылғанына қарамастан, аталмыш қалалардың жайғасқан орны мен шаруашылық жағдайы, Ұлы Жібек жолындағы атқарған орны туралы зерттеулер тым қарқын алмай келеді. Біздің бұл мәселеге назар аударуымыз, біріншіден, қалалардың өзінің тарихи орнын, маңызын анықтау болса, екіншіден, бүгінгі таңда күннен күнге маңызы артып келетін Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту бағытындағы жобалар аясында көне қалалардың туристік инфрақұрылымды қалыптастырудағы маңызын арттыру болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Қазіргі таңда тарих ғылымында ең өзекті болып отырған деректану және тарихнама және тарихи зерттеудің әдістемелері болып отыр. Бұл бағытта деректің рөлі бәрінен маңызды. Әсіресе, біз зерттеу нысаны етіп алған қалалардың орналасуы мен өзара байланысы, жалпы сауда мен мәдени қарым-қатынастағы рөлі арнайы деректерге сүйенеді. Сол үшін біз қытай және араб авторларының еңбегін салыстыра зерттедік. Бұл біздің осы бағыттағы енді ғана басталған жұмысымызға үлкен сенім ұялатады. Өйткені, қалалар мен елдімекендердің арақашықтығын, бағытын, олардың саяси-әскери және мәдени-шаруашылық әлеуетін айқындауға нақты сандық деректер негізінде мол мүмкіндік туғандай. Тағы бір маңызды мәселе, ерте заман адамдарының елдімекендер мен қалалардың арасын нақты өлшеп жүрмегендігі. Қытай немесе араб авторлары болсын, оның бәрін көз мөлшермен, күнмен, тәулікпен, немесе адам дауысы жететіндей мөлшермен есептегені белгілі. Қытайдың *ли* мен арабтардың *фарсах* есебінің өзара байланысы да терең зерттеуді қажет етеді. Қытайдың *ли* есебі де ұдайы өзгеріп отырған. Мұның бәрін бір жүйеге келтіру, өзара байланысын, мөлшерін анықтау әлі де болса тиянақты, табанды зерттеулерді қажет етеді.

### Талқылау

Бұл жұмыста біз тарихнамалық деректер мен фактілерді талдаудың «тарих және қазіргі заман» парадигмасына назар аудардық. Деректерді іріктеу мен салыстыру, нақты қашықтық пен деректегі қашықтыққа жүгіну принципін ұстандық. Ғылымдағы тарихилық, объективтілік және

әлеуметтік қағидалармен қатар тарихи-салыстырмалы, нақты және логикалық талдау, ретроспективті, өзектілік, перспективтілік әдістері пайдаланылды.

### Нәтижелер

VII ғасырдың басында Орта Азия мен Қазақстанның және Шығыс Түркістанның төңірегіндегі елдерге даңқы жайыла бастады. Шығыста жаңадан еңсе көтерген Таң империясының осы аймаққа қызығушылығы арта түсті. Сөйтіп, Таң мемлекетінің будда монағы, пірәдәр Сюань Цзан Қытайдан шығып, Үндістанға будда кітаптарын әкелуге бара жатқан жолында Батыс Түрік қағанаты үстемдігі астындағы Орта Азияны басып өтеді әрі Тоң Ябғұ қағанның қабылдауында болады. Оның жүріп өткен жолдары Ыстықкөл, Сұяб, Мыңбұлақ, Талас, Испиджаб, Нұжкент, Шаш, Самарқант, Шаһри-Сабиз, Темірқапық т.б. қалалар мен елдімекендер (Ван Чжилай, 2010:56). 657 жылы Таң империясы генерал Су Динфанды жіберіп Батыс Түркі қағанатын жаулап алды. Сөйтіп Орта Азияның Таң империясы үшін де, Араб империясы үшін де маңызы артты. Шығыс Түркістан мен Орта Азия аталған ірі елдердің талас аймағына айналды. Өйткені бұл өңір батыс пен шығысты тұтастыратын Ұлы Жібек жолының үстінде еді. Оның үстіне, жаратылыстық байлығы мол, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы, сауда-саттығы өркендеген аймақ болатын. VIII ғасырдың 40-жылдарында Орта Азия тарихында Араб халифаттарының алмасуы орын алды. Сонымен бірге, Тибет мемлекетінің ірге кеңейтуі де үлкен оқиғаға айналды (Ван Чжилай, 2010: 290). Бұл жағдай империялар арасындағы бәсекелестікті арттырды. Араб халифаты дәуірінде арабтардың Шығысты жаулап алуы, синкретикалық мұсылман мәдениеті мен ислам дінінің ықпал өрісін кеңейту ісіндегі белсенділігі, мұсылман дүниесінің саяси шекарасынан тыс жатқан алыс аймақтарымен сауданың дамуы арабтарды Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның көршілес елдері жайлы, алыстағы халықтар мен тайпалар туралы ақпарат жинауға құлшындырды. Арабтардың ортағасырлардағы тарихнамасының Қазақстан аймағына ерекше ден қоюы олардың Орта Азиядағы жаулап алған жерлерін нығайту және Қазақстанның көшпелі тайпаларынан сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігімен де байланысты болды (Кумеков, Кумекова, 2010: 82-85).

IX ғ. көшпелі түркі тайпалары, арабтар жаулап алған Мауреннахрмен іргелес жатқан аймақтар бірте-бірте ислам дінін қабылдай бастады. Ал араб тарихнамасы мен география ғылымының гүлдену дәуірі де осы уақыт еді. Өйткені, араб халифаты басқа елдер есебінен ірі империяға айналғандықтан халифат құрамына кірген басқа халықтар, оның ішінде түркі тектес тайпалардың да тарихына, орналасу географиясына, шаруашылығы мен мәдениетіне араб ғалымдары тарапынан ерекше көңіл қойыла бастады.

VIII-IX ғғ. халифаттың дамуы мен нығаюында салық жүйесіне байланысты, бірнеше мемлекеттік міндеттер тұрды. Әрине арабтар, қол астындағы халықтардың шаруашылық-қаржылық жүйесін негіз етіп пайдалануына болар еді. Дегенмен, жағдайдың өзгеруіне байланысты, заттай және ақшалай алынатын салық мөлшері, егін және өнеркәсіп шаруашылық өнімдері және аймақтардың бөлінуі, халық қоныстанған жерлер туралы нақты сенімді мәліметтер қажет болды. Сондай-ақ, маршруттар мен пошта бекеттерінің арақашықтығы көрсетілген хабарламалар және бұдан өзге де нақты мағлұматтар бір орталықтан басқару жүйесі үшін қажет еді (Крачковский, 1957: 17).

Араб саяхатшыларының географиялық еңбектерінде де Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалалар, ауылдар және олардың тұрғындары, елді-мекендер туралы нақты құнды мәліметтер жазып қалдырды. Бұл жазбалар, ортағасырдағы Орталық Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен үлес қосты. Араб географтары мен саяхатшыларының мағлұматтарының арқасында ортағасырлық қалалар, елді-мекендер, тайпа атаулары, жер атаулары, сауда жолдарының маршруттары, сол аймақтың шаруашылық және діни өмірі туралы мол мағлұматтар алынды (Қайыркен, Ильясова, 2019: 62). Ұлы Жібек жолының

қазақстандық бөлігіндегі бірінші ірі қала Испиджаб болды, ал оған осы облыстың барлық жер-суы – шығыста Талас – Шуға дейін, солтүстік-батыста Сырдарияның орта ағысына дейін ұласып жатты. Ортағасырлық қалалар туралы нақты географиялық сипаттама берген араб саяхатшылары мен географтарының ішінен Ибн Хордадбех (IX ғ.), Йакуби (IX ғ.), Кудам ибн Жафар (X ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), Худуд әл-‘алам (X ғ.) анонимі, әл-Мақдиси (X ғ.), әл-Истахри (X ғ.) және Йақұт әл-Хамауиді (XIII ғ.) бөліп айтуға болады. Олар өз еңбектерінде Қазақ даласының жекелеген аймақтарында маңызды орын алған Қазақстанның оңтүстігінде – Испиджаб төңірегіндегі қалалар мен елдімекендерінің атаулары мен ара-қашықтығы, тарихы мен мәдени өмірі туралы құнды мәліметтер көрсеткен.

Біз бұлар туралы тәптіштеп баяндамай тұрып, алдымен бұдан да ертерек хатқа түскен Қытай саяхатшысы Сюань Цзанның «Да Тан Сиюйцзи» (大唐西域记) атты жазбасындағы Испиджаб туралы мәліметке тоқталғымыз келеді. Қытай ғалымы Су Бэйхай өзінің «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінде Испиджабты қамтыған қалалар шоғырын ерте замандағы Қазақ даласының оңтүстік бөлігіндегі отырықшылық өркениеттің, қала мәдениетінің жарқын айғағы ретінде көрсеткен болатын (Су Бэйхай, 2001: 218). Ендеше, Сюань Цзан өзінің сол Испиджабқа қатысты жазбасында былай дейді: «Талас қаласынан оңтүстікке қарай оншақты ли келетін жерде Сюгу қаласы бар. Онда 300 түтіннен астам тұрғын бар. Олар негізінен Орталық патшалықтың (Қытайдың) адамдары еді. Бір заманда олар түріктерге тұтқынға түсіп, осында әкелінген. Кейін бірыңғай бауырластар қауымдасып, осы қаланы ортақ меншіктеніп, үй салып, баспана тұрғызып, біржолата қоныстанып қалған. Олардың киім киісі мен жүріс-тұрысы түріктермен бірдей. Алайда, тілі мен салт-дәстүрі әлі де сол Қытайдағыдай. Осы жерден оңтүстік-батысқа қарай 200 лиден астам жол жүрген соң, Ақсу (Байшуй) қаласына жеттік. Қаланың айналасы 6-7 ли келеді. Жергілікті өнімдері мол. Ауа райы жанға жайлы. Осы арадан тағы да оңтүстік-батысқа қарай 200 лидей жүргенде Кунгу қаласына жеттік. Қаланың айналасы 5-7 ли келетін аумақты алып жатыр. Бұл өңірдің жазық даласы да, ойпатты жері де ылғалды әрі құнарлы. Бәрі де нулы орманмен көмкерілген. Осы жерден оңтүстікке қарай 40-50 ли жол жүріп, Нукжент еліне жеттік» (Сюань Цзан(玄奘著), 1985.). Бұл жерде Талас немесе Тараз қаласынан оңтүстікке қарай жүргенде алдымен қытайлықтар мекендейтін Сюгу қаласының бар екені тілге тиек етіледі. Бірақ бұл қаланың орны әзірге дейін анықталған жоқ. Одан оңтүстік-батысқа қарай 200 ли жүргенде Ақсу (Байшуй白水城) қаласына жетуге болатыны айтылған. Байшуй қытайша ақсулы қала дегенді білдіреді. М. Қашқаридің «Түркі тілдері сөздігінде» бұл қала Испиджаб деп аталады. Соғды-парсы тілінде оның мағынасы тағы да «ақ су» дегенді білдіреді. Қытайдың «Юань хандығы тарихында» аталмыш қала Сайланчэн (赛蓝城), яғни Сайрам қаласы деп қатталған (Еженханұлы, 2005: 37).

Енді осы Испиджаб қаласына қатысты араб тіліндегі деректерге назар аударып көрейік:

**Ибн Хордадбехтің деректері (IX ғ.):** ...Шаштан Илақ пен Баланканактағы күміс кеніне (ма‘дан әл-фиддаға) дейін 7 фарсах, содан кейін [Шаштан] *темір қақпаға (Баб әл-хадид)* дейін 2 миль, содан кейін *Кубалаға* дейін 2 фарсах, содан кейін *Фаркардқа* дейін 6 фарсах, содан кейін *Исбижабқа* дейін дала арқылы 4 фарсах. Жалпы Шаштан Испиджабқа дейін 13 фарсах.

Содан кейін *Шарабқа* дейін 4 фарсах, содан кейін *Бадухкетке* дейін 5 фарсах, содан кейін *Тамтажга* дейін 4 фарсах, содан кейін *Абаражга* дейін 4 фарсах, содан кейін өзен бойындағы тұраққа (станса) дейін 6 фарсах. Абаражда дөң бар, ол дөңнің айналасында мың бұлақ бар, ол [өзен пайда болып] шығысқа қарай ағады. *Баркуаб* деп аталады яғни теріс аққан су деген мағынады. Бұл жерде қара бұлдырықты аулауға болады. Содан кейін ол су арқылы өтіп *Жуикетке* дейін 5 фарсах, содан кейін Таразға дейін 3 фарсах. Жалпы Испиджабтан Таразға дейін 26 фарсах (Ильясова, Ораз, 2016:19).

**Кудамма ибн Жафар (IX ғ.):** ...Шаш қаласынан қорған ішіндегі әскери бөлімге дейін екі фарсах, ол жерден Ғаркардқа дейін бес фарсах, Ғаркардтан Исбишабқа дейін дала арқылы төрт фарсах, Исбишабтан Шарабқа дейін *Мауа* мен *Йуран* деп аталатын үлкен екі өзен ағып жатқан дала арқылы төрт фарсах, Шарабтан Бадухкатқа дейін құдық арқылы төрт фарсах, Бадухкаттан Тамтажға дейін құдық арқылы бес фарсах. Тамтаж далалы жерде орналасқан, онда үлкен өзен мен қамыс бар. Тамтаждан Абаржажға дейін төрт фарсах. Абаржаж – бұл бір үлкен дөң. Айналасында шығыс жаққа қарай ағып жатқан өзенге құятын мың бұлақтың көзі бар. Аталмыш өзен *Баркуаб* деп аталады, яғни «теріс аққан су» деген мағынада (Ильясова, Ораз, 2016: 28).

Испиджабқа жақын жерде, одан Шашқа баратын жолдың бойында Ғазкирд қаласы жатқан. Орта ғасырларда жол Тұрбат асуынан өтіп, Сайрамға барған. Қазіргі Шарапхана ауылының аумағынан VII-X ғасырларда болған қаланың жұрты табылды, Газгирд деуге болады. Ертедегі Газгирд топонимінің қазіргі Қазығұрт атауында сақталып қалған болуы мүмкін. Ташкент пен Шымкент арасындағы тау сілімдері солай деп аталады, қаланың қираған жұрты соның етегінде жатыр. Испиджабтың шығыс жағында *Шарап*, *Будухкет*, *Тамтаж*, *Абараж және Жувиат* қалалары мен елді мекендері болған. Шарапқа Төрткөл Балықшы, Будухкетке, Қазатлық (IX-XI ғғ.) қалаларының жұрты сай келеді. Будухкас – Қазатлық Түлкібас ауданының орталығы Тұрар кент селосының батыс жағында – Құлан өзенінің Арысқа құяр сағасында жатыр. Тамтаж бен Абараж керуен сарайлар болса керек (Ақышев және т.б. 2010:351; Байпаков, 1977: 81-92) Ал, В.В. Бартольд Тамтажды Арыс өзенінің сол жағалауындағы Түлкібаспен, ал Абаражды Шақпақ маңындағы Мыңбұлақпен сәйкестендіреді.

Ибн Хордадбех пен Кудамма ибн Жафардың «Аталмыш өзен *Баркуаб* деп аталады яғни «теріс аққан су» деген мағынада», -деген мағлұматындағы Баркуаб –Теріс өзені. Бұл бүгінде Жамбыл облысының Жуалы ауданының жеріндегі Шақпақ-ата, Шоқпақ өңірінен бастау алатын Теріс өзені. Бұл өзен бұрындары шығысқа қарай ағып Талас өзеніне құятын. Осы өзеннің бастау алатын жерлері де ертеде Қытай дерегінде Мың бұлақ (Цяньчуань-千泉) деп аталған (Қайыркен, Ильясова, 2019: 63).

**«Худуд әл-‘алам» еңбегінде арнайы (X ғ.) «Мауараннахр елі мен ондағы қалалар жайында» деген бөлімінде мынандай мәліметтер бар.**

Исбиджаб – мұсылмандар мен кәпірлердің арасындағы шекарада орналасқан аймақ. Жері кең, гүлденген. Түркістан шекарасында. Түркістаннан тасымалданатын нәрсенің барлығы осы аймаққа келеді. Мұнда қалалар, елді-мекендер, қыстақтар көп. Бұл аймақтан иленген мал терілері мен қойлар тасымалданады. Бұл аймақтың орталық қаласы Исбиджаб деп аталады. Үлкен, табиғи бай қала. Мұнда сұлтанның ордасы орналасқан. Сондай-ақ бұл қалада тұтұнатын бұйымдар көп. Бұл қалаға әр жерден саудагерлер жиналады.

Содан кейін Саникас, Будахкас, Суткент және Бараб қалалары туралы жазады.

«Исбиджаб пен өзеннің арасы жайылып жүрген малға толы. Ол малдардың жартысы Исбиджабқа, ал бір жартысы Шаш, Бараб, Кенжидеге тиесілі. Аталмыш аймақта мұсылман болған ашина түркілерінің мың киіз үйлері бар» (Ильясова, Ораз, 2016:30).

XIII ғасырда өмір сүрген араб географы Йақұт әл-Хамауидің «Му‘жам әл-булдан» еңбегінде Испиджаб деп аталатын көлемді мақаласы бар. Йақұт әл-Хамауи жоғарыда аталған өзіне дейінгі авторлардың еңбектерін пайдаланады, сонымен бірге өзі өмір сүрген дәуіріне қатысты аутентивті мағлұматтар да қосады. Йақұттың өз заманындағы оқиғалардан нақты мағлұмат беретін мақаласы «Испиджаб».

Мақаланың басында Йақұт Испиджабтың орналасуы туралы мәліметтер келтіреді. «Испиджаб – Түркістан шекарасындағы Мауараннахрдың атақты қалаларының ішіндегі үлкен қаланың аты. Оның кең аумағы мен көптеген қала тектес ауылдары бар. Және де ол бесінші ықылымда. (Оның) бойлығы 98°10', ал ендігі 39°50'-тең» (Көмеков, Ильясова 2011: 179-180).

Осындағы Түркістан атауы алғаш рет парсы әдебиетінде YI ғ. қолданылып, Амудариядан солтүстіктегі тарихи-географиялық аймақты білдірген. Орта Азияда, нақтырақ айтсақ, Амудария мен Сырдария өзендерінің аралығында араб халифатының саяси билігі орнап және ислам діні мен мәдениетінің таралуына байланысты Түркістан аймағы туралы бұрынғы мағлұматтар өзгеріске ұшырады. YIII ғ. ортасында Келес даласы арқылы Сырдарияның жағалауынан тауларға дейін дуалдар соғылып, ол мұсылман иеліктері мен Түркістан арасындағы шекара болып есептелді. Бірте-бірте Отырар, Шауғар, Испиджаб, Тараз сияқты түркі қалалары Түркістан шекараларындағы бекіністерге айналды (Көмеков, 2002: 14). Йақұт мәліметінде Түркістан аймағындағы Испиджаб Мауараннахрға географиялық тұрғыда емес, саяси тұрғыда қосылған қала ретінде қолданылып тұр. «Оның кең аумағы мен көптеген қала тектес ауылдары бар» – деген сөйлемді Йақұттың өзі қоса отырып, Испиджабтың қала ғана емес, сол кездегі үлкен облыс орталығы екендігін нықтай түседі.

Испиджабтың координаты туралы деректерді ол әл-Хорезмидің (IX ғ.) «Китаб сурат ал-ард» еңбегінің негізінде келтіреді. Әл-Хорезми Испиджабтың бойлығы  $92^{\circ}10'$  деп береді, ал Сухрабтан (X ғ. бірінші жартысы) бастап бұл мәлімет  $98^{\circ}10'$  нұсқасында кездеседі (Көмеков, Ильясова 2011: 1690).

Одан әрі «*Ол топырағының құнарлылығы, ағын сулары, ағаштары және гүлденген бау-бақшаларымен Аллаға жаққан ең таза, кең және көп қоныстанған елдімекен болды. Хорасан мен Мауараннахрда Испиджабтан басқа салық төлемейтін қала болмады, өйткені ол үлкен шекаралық бекініс еді*» деген Йақұттың осы мағлұматтарына мазмұны жағынан жақын деректерді Ибн Хаукал мен Истахри де айтады. Ибн Хаукал «*оның рабады бау-бақшалы және сулы. Оның құрылыстары саздан*» деп жазса, әл-Истахри «*(қала) құрылыстары саздан, оның базарлары асып-төгілген, ол жемістерге бай, онда астық мол және түрлі пайдалы заттар көп*» (Көмеков, Ильясова 2011: 170) деп жазады.

Келесі сөйлемді Истахри «Мауараннахрда Испиджабтан өзге харадждан босатылған қала жоқ. Оның төңірегінде қалалар мен елді мекендер мол» деп жазса, Ибн Хаукал «*Бұл адамдары мол және ауқымды қала, бүкіл Хорасан мен Мауараннахрда Испиджабтан өзге харадждан босатылған қала жоқ*» деген мәтінде береді. Ибн Хаукал әл-Истахридің дерегіне Хорасанды қосады. Йақұт одан әрі бұл деректерді «*үлкен шекаралық бекініс еді*» деген мәліметпен толықтырады да «*сол елдің халқы салықтың (ақшасын) құнын қару-жарақ сатып алып, жер өңдеулеріне жұмсау үшін босатылғандығын*» айтады. Йақұт дерек көздері авторларының мәліметтеріне мәтіндік-салыстырмалы талдау жасау арқылы олардың хронологиясын айқындауға мүмкіндік аламыз. Жоғарыдағы екі автордың деректеріне Испиджаб «*үлкен шекаралық бекініс еді*» - деп Йақұт қосқан мәліметті оның пайдаланған негізгі авторларының бірі ас-Самани (XII ғ.) «*Испиджаб – үлкен қала, шығыстағы қалалардың бірі, шекаралық түрік бекіністерінің бірі*» деген мәтінде береді. Ас-Саманиден бұрын әл-Мақдиси 985 жылы құрастырылған еңбегінде Испиджабты «*Бұл даңқты шекаралық бекініс және дін үшін соғысатын жер*» деген мазмұнда жазады. Ал Йақұт мәтініне мазмұны бойынша барынша жақын деректі 891 жылы құрастырылған әл-Йақубидің «Китаб әл-булдан» еңбегінен кездестіреміз. Оның «*Шаһтан үлкен шекаралық Испиджаб бекінісіне дейін екі күндік жол*» деген мәліметі хронологиялық тұрғыда ең бастапқы дерек деп білеміз. 840 жылы Испиджабты Саманилердің Самарқандағы билеушісі Нух ибн Асад (833-844) жаулап алғаннан кейін түріктердің шабуылынан қорғану үшін оны айналдыра қорған тұрғызуға бұйрық берген (Көмеков, Ильясова 2011: 170). Демек, Йақуби (IX ғ.) Нух ибн Асад әскерінің құрамында болған және оның бұйрығымен қорған тұрғызуға тікелей қатысқан куәгерлердің дерегіне сүйеніп, осындай мәліметті нық сеніммен жазады.

IX-X ғғ. аралығында Орта Азия, яғни Мауареннахр, ирандық билеуші әулет құрған қуатты Саманилер мемлекетінің құрамында болып келгені белгілі. Алайда Испиджаб Саманилерге сөз

жүзінде ғана бағынышты болды. Солтүстік-батыста Сауранға дейінгі жерді, ал шығыста Талас аңғарын қамтыған Испиджаб аймағын бұрынғысынша түрік әулеті басқарды, оның маңызды артықшылықтары болды. Испиджабтың билеушісі өзінің Саманилерге бағынатындығын Саманилер сарайына алым-салықтың орнына сыйлық жөнелтіп, оған қоса 4 данак пен сыпырғыш жіберіп тұруымен білдіреді (бір данак 1/6 дирхемге тең) (Бартольд, 1963: 270).

Испиджаб көшпелі түріктерге ислам дінін таратудың тірегіне айналды. Саманилер өздерінің ықпалын бүкіл Испиджаб аймағына жүргізіп, оның халқы арасында мұсылман дінін орнықтыруға күш салды.

Испиджаб Қарахан мемлекеті құрамына кіргенге дейін түріктер мен саманиліктер арасындағы әскери іс-қимылдардың үздіксіз шайқас алаңына айналған еді. Сол кезеңдерде Испиджабтың ислам елдеріне түрік-құлдарды жөнелтетін орын болуы кездейсоқтық емес (Байтанаев, 2013: 24).

Жоғарыдағы Қытай саяхатшысы Сюань Цзанның жазбасындағы Кунгу қаласы (恭御城) туралы тоқталайық: «Да Тан Сиюйцзиге» түсініктеме жазған Цзи Сянлинь бұл қаланы Сырдарияның бір тармағы болған Шыршық пен Ангрен өзендерінің бойында, араб географтары тілге тиек ететін Шаш-Илақ (Shach-Irak) өңірінде дейді (Сюань Цзан (玄奘著), 1985: 50). Тарихшы Чжоу Лянкуань да бұл қаланы Шыршық өзені тарапта дейді (Чжоу Лянькуань (周连宽), 1984:97). Бұл екеуінде де Кунгу қаласын Испиджабтан бөлек жерде деп көрсетеді.

Дегенмен, Сюань Цзанмен замандас Дао Суанның «Шицзя фанчжэ» атты жазбасында Кунгу қаласын ғана тілге тиек етіп, Испиджаб туралы еш нәрсе айтпайды (Дао И (道宣), 1983: 22). «Жаңа Тан кітабы-Батыс өңір баянында» тек Испиджабты ғана айтып Кунгуді ауызға алмайды. Сондықтан ағылшын Т. Wattors «Да Тан Сиюйцзидің» ағылшынша аудармасына берген түсіндірмесінде Кунгу (қытайша Гунюй) сөзі түрікше «кууи» (泉бұлақ) сөзінен келіп шыққан болуы мүмкін, қытайша 白(ақ) иероглифі мен 水(су) иероглифі тігінен жазылғанда бір иероглиф болып (泉) жазылып кетсе керек дейді (Tohomas Wattors, 1904: 84). Олай болса, ол араб жазбаларындағы Испиджаб (ақсу) сөзімен бір мағынада болып шығады. Яғни, Кунгу мен Испиджаб бір жердің аты дейді (Tohomas Wattors, 1904: 84). Әрі ол екеуін де Шымкенттің шығысында 13 шақырым жердегі Сайрам қаласы дегенге меңзейді.

Дегенмен, қазақстандық зерттеушілердің еңбегінде Сюань-цзанның жазбасында кездесетін осы Гунюй/Кунгуй Арыс бойындағы Жуантөбе қалашығының орнына сәйкестендіріледі. Б. Байтанаевтың пікірінше Испиджаб солтүстігінде Отрар округімен емес, Кенжиде округімен шектеседі. «Шахнамадағы» Канга өзені Арыс, ал Жуантөбе – Арыс алқабындағы орналасқан Кунгуй дейді (Байтанаев, 2013: 60). Бірақ бұл Суань Цзанның Үндістанға бағыт алған сапарының нақтылы маршрутымен толық сәйкеспейді.

Қарастырылып отырған кезеңдегі ірі қалаларға ортақ үлгіні біз әл-Макдисидің (X ғ.) Испиджаб қаласын сипаттағанынан көреміз. *Онда рабад және елді мекені бар. Ол жерде (мекенде) жабық базарлар, кенеп мата базары және мешіті бар. Оның (мекені) төрт қақпасы бар, әр қақпада рабад орналасқан, ол Нужикет қақпасы, Фархан қақпасы, Шақрана қақпасы, Бұхара қақпасы. Ал, рабаттар: Нахшабтықтар рабады, Бұхаралықтар рабады, Самарқандтықтар рабады, Қаратегин рабады болып төртке бөлінеді. Оның (Қаратегиннің) қабірі сол жерде орналасқан. Әр айда түскен кірісінен 7000 мың дирхамды қайырымдылық ретінде пақыр жандардың нан-дәміне жұмсайтын базар бар. Бұл жерде [қалада] 1700 рабад бар деп те айтылған* (Ильясова, Ораз, 2016: 57-59). Испиджабтың мұндай көршілес қалалардың аттары бар бірнеше қақпаларының болуы оның іргелес жатқан облыстармен тығыз сауда, мәдени және саяси байланыстардың болғанын көрсетеді.

Алым-салықсыз саясат пен қаланың керуен магистралі бойында қолайлы орналасуы аймақтың экономикасына оң әсерін тигізеді. Испиджаб қарқынды дамып, аумағы ұлғая бастайды. Мәуреннахр қалаларынан оған әртүрлі халықтар ағылып, оның айналасына рабад пен шаруашылық аймағын қалыптастырады (Байтанаев, 2013: 23).

Йақұттың келесі сөйлемі: *«Және де сол аймақ тағдыр талкегі мен жалғандығына тап болғанша оның төңірегінде Тараз, Сауран, Саникс және Фараб секілді қалалар болды»* деген мәтінде беріледі. Бұл жерде Испиджаб облысындағы шекаралық қалалардағы тарихи оқиғалар туралы мағлұматтар одан әрі таратуды қажет етеді. Ол қалалар 1211-1215 жж. хорезмшах Мұхаммедтің Күшлік ханмен соғысы барысында қиратылған болатын.

Йақұт осы аталған қалалардың ішінде «Испиджаб» мақаласында тек 4 қаланы ғана атаумен шектеледі. Бұл жердегі Саникс қаласы ортағасырлық авторлардың деректерінде әртүрлі нұсқада кездеседі. Әл-Мукаддаси Испиджаб облысының қаласы ретінде Арсубаникет – деп атаса, Истахри Усбаникат (Көмеков, Ильясова 2011:170) деп көрсетеді.

Ибн Хаукал (X ғ.) бойынша Испиджабтың *«төңірегіндегі қалалардың арасында Бадухкет, Субаникет, Тараз, Атлах, Шелджі, Кедер, Сүткенд, Шауғар, Сауран және Уасидж. Субаникет – Кенжид округінің басты қаласы»* (Ibn Haukal, 1938-1939:389). Ал әл-Мақдиси (X ғ.) жоғарыда аталған еңбегінде Испиджаб округіндегі қалалар туралы барынша толық мағлұмат береді. *«Испиджаб ауа райы бір қалыпты ықылыммен шектесіп жатыр. Бас қаласының атауы да Испиджаб. Испиджабқа қарасты қалалар – Хурлуғ, Жумушулағу, Арсубаникис, Бараб, Шауғар, Сауран, Турар Зарах, Шағлжан, Балаж, Барукет, Бурух, Яганкет, Азахкет, Дех Нужикет, Тараз, Балү, Жикил, Барсхан, Атлах, Жамукет, Шалжи, Кул, Сус, Такабкет, Дех Науи, Кулан, Мирки, Нушкет, Лакра, Жамук, Урду, Науикес, Баласағұн, Лабан, Шуй, Абалығ, Маданкет, Барсийан, Балағ, Жакаркан, Йғ, Йкалығ, Рауанжам, Катак, Шур Жашма, Діл, Ауас, Жаркерд»* (Ильясова, Ораз, 2016: 57-59).

К.М. Байпаков Усбаникас (Арсубаникас) қаласын Арыс өзені бойындағы Мамаевақаға таяу Жуантөбе деп оқшаулайды (Байпаков, 1986: 223). Ал, академик Б. Байтанаев *«Біздің пікірімізше, Кенжида округінің орталығы Арсубаникет қаласына Қараспантөбе сәйкес келеді»*, - дейді (Байтанаев Б., 2013: 223).

К.М. Байпаков әл-Мақдиси тізіміндегі Бурух қаласын Отрар қалашығынан солтүстік-шығысындағы 30 км. орналасқан Бұзықтөбе қалашығы деп, ал Яганкетті Ұзынтөбе қалашығымен оқшаулайды.

Әл-Мақдисидің мағлұматындағы Нужикет қақпасын Б. Байтанаев М.Е. Массон бойынша Испиджабтың батыс қақпасы екендігін жазады. Нужикет қақпасы Шымкент қаласына әкелетіндігін айтады. Әл-Мақдисиді Дәх Нужикет қаласы туралы *«...кішкентай қала. Базары бар. Көктем мезгілінің үш айында салмағы төрт мананы құрайтын сүйексіз ет бір дирхамға сатылады. Қала үлкен болатын. Исмаил ибн Ахмад бұл жерді алғаннан кейін кішірейіп қалған. Солай бола тұра қорғаны бар көп ғимаратты қала, және қалада қамал орналасқан»* (Ильясова, Ораз, 2016: 60).

629 жылы қытай саяхатшысы Сюань-Цзан Оңтүстік Қазақстан аумағына келген кезде, округтің басты қаласы – Нужикет болды. Әл-Мақдисидің мәтіні бойынша Б. Байтанаев Дәх Нужикетті IX ғ. дейін үлкен қала болғандығын және ол қаланының Шымкент қаласына сәйкес келетінін археологиялық және жазба деректер негізінде дәлелдеп берді (Байтанаев, 2013: 74-75). Мұсылман әлемінің ең қиыр шығысындағы қаланың дәуірлеп дамуы IX ғасырдан басталады. Әл-Белазури бойынша бұл саманилік Нұх ибн Асад 833-844 жж. Испиджабқа жорық жасап, қаланы айнала ұзын қорған құрылысын салуға және оны қоршай жүзім егуге үкім еткеннен кейін болған (Байтанаев, 2013: 23).

ХІІ ғасырдың соңы мен ХІІІ ғасырдың басында Хорезм мұсылмандық Азиядағы алдыңғы қатардағы мемлекетке айналды. Хорезмшах Текеш (1172-1200) 1194 жылғы шайқаста парсының батысындағы соңғы селжүк сұлтаны Тоғрұлды тізе бүктіреді. Текеш және оның ізбасарлары бірнеше рет қарақытайларға соғыс ашқан болатын, бірақ сәтсіздікке ұшырап отырды. Текештің баласы Мухаммед (1200-1220) хандық құрған алғашқы жылдары Ауған жерінен шыққан гурид тайпаларына қарсы күресі кезінде, қарақытайларға алым-салық төлеп және олардың көмегін пайдаланған. Кейін ол өзін мұсылмандарды дінсіздердің езгісінен құтқарушысы деп жариялап, 1210 жылы Талас жағалауында қарақытайлардың әскерін талқандайды (Бартольд, 1963: 134). Сонымен бірге «ХІІІ ғ. басында мұсылмандық Азияда бірінші болуға дәмеленген хорезмшах Мұхаммед (1200-1220) мемлекетінің құрамына Сығанақ аймағы да кірді. Сығанақ иелігінен айырылғанына қарамастан, қыпшақ хандары Хорезмге қарсы табанды күресті жүргізуін жалғастыра берді» (Ильясова, Ораз, 2016: 174). Осындай көпжақты ішкі тартыстардың барысында хорезмшах өзінің Қашғар мен Хотандық діндестеріне көмек көрсете алмады, тіпті Мауараннахрдың солтүстік облыстарын Күшліктен қорғауға шамасы келмеді. Күшлік Қотанға жорық жасап, оны басып алды. Ол онда жергілікті халықты ислам дінінен бет бұрып, будда немесе христиан дініне сенуге насихаттады (Су Бэйхай, 2019: 275 ).

### Қорытынды

